



Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай беру туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 43 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 наурызда № 5481 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 тамыздағы № 145 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 22.08.2024 № 145 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес, Амангелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай қосымшаға сәйкес берілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Амангелді ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 04.03.2021 № 27 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Амангелді ауданының әкімі

Ж. Таукенов

Әкімдіктің 2015 жылғы
16 наурыздағы № 43
қаулысына қосымша

Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 04.03.2021 № 27 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Елді мекеннің атауы	Сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар

1	Ақсай ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Бүйректал жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
2	Амангелді ауылы	"Амангелді ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қ. Әбенев атындағы мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
3	Амангелді ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Б. Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
4	Амангелді ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
5	Амантоғай ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Амантоғай жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
6	Байғабыл ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің А. Нұрманов атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
7	Есір ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Н. Мейірманов атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
8	Жалдама ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Жалдама жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында

9	Қабырға ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Н. Крупская атындағы негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
10	Қарасу ауылы	ауылдық клуб ғимаратында
11	Қарынсалды ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Қарынсалды негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
12	Құмкешу ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Құмкешу жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
13	Степняк ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Степняк негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
14	Тасты ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Тасты жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
15	Үрпек ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Жаңа ауыл жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
16	Үштоғай ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Рассвет негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында